

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚОСЫМША БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ бойынша
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Семей қаласы

2014 ж. 9-18 маусым

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2014 жылғы маусымда Семей қаласы Облыстық балалар биологиялық орталығының базасында «Қосымша білім беру ұйымдарындағы экология-биология бағытының негізгі құзыреттіліктерін тиімді қалыптастырудың заманауи технологиялары» тақырыбында қосымша білім беру педагогтеріне біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырды.

Тыңдаушылар республикамыздың барлық өңірлерінің өкілдерін біріктірді. Курс бағдарламасы блоктық-модульдік негізде құрастырылған және тәжірибеге бағдарланған бағытта болды.

Дәріс пен практикалық сабақтарды Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің педагогика, психология және жаратылыстану ғалымдары өткізді. Практикалық сабақтар Семей қаласының Облыстық балалар биологиялық орталығының базасында ұйымдастырылды.

Сабақтар тыңдаушылардың белсенділігін арттыратын практикумдар, тренингтер, экскурсиялар, шығармашылық шеберліктер, көрмелер мен шеберлік сыныптар түрінде өткізілді.

Оқу-тәжірибелік сабақтармен қоса, тыңдаушылар Абай атындағы әдеби-мемориалдық, облыстық тарихи-өлкетану мұражайларына барды. Абай Құнанбаевқа арналған тарихи кешен-мемориал Жидебай шатқалына экскурсия өткізілді. М. Әуезовтың мұражай-үйі және Еңлік пен Кебек махаббаты туралы әдемі аңыз мекенінеде жол соқты.

Республикалық біліктілікті арттыру курстарын айқындауда «Хабар» теледидар агенттігі шақырылды.

Педагогтер сабақтардың танымдық және тәжірибеге бағдарланған сипатта болғандығын атап айтты, курсты өткізу ұйымдастырылған түрде болғандығына қанағаттанды.